

**«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕМЕН
ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

2018 ж. ж. - ДС - 06 жүргізілді
БСН: 99 11 4000 1226
Алғашқы тіркелген күні: 09.11 жыл: 1999
Күелік №: 1598-1901-02-А/8

2018 жылғы 03.05 № 6
«Транстелеком» АҚ
акционерлерінің жалпы
жиналысының шешімімен
БЕКІТІЛГЕН



**«Транстелеком»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

**Астана қаласы
2018 жыл**

**АРҒЫ ЖАҒЫНА
ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ**

1. Жалпы ережелер

1. «Транстелеком» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) қайта тіркеуге дейін «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамы атауын иемденген, бұрын еншілес мемлекеттік кәсіпорын болған «Транстелеком» 1998 жылғы 16 маусымдағы № 426 - Ц «Сигнал беру және байланыс шаруашылығын басқару жүйесін оңтайландыру туралы» «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорынының бұйрығына сәйкес құрылған, 1999 жылғы 1 қыркүйектегі № 135 «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорынының кейбір еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің бұйрығымен, 1999 жылғы 4 тамыздағы № 1101 «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорынын қайта ұйымдастыру шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы негізінде «Транстелеком» ашық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

2. Қоғам «Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорыны «Транстелеком» еншілес мемлекеттік кәсіпорынының барлық құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өзінің балансы, банк шоттары бар, өз атынанан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденуге және жүзеге асыруға, жауапкершілікке тартуға мүмкіндігі бар, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

4. Қоғам өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті Қоғамның атауы және басқа да деректемелері жазылған бланктерге ие.

5. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңын (бұдан әрі – Заң), өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны, Қоғамның корпоративтік басқару Кодексі және Қоғамның басқа да құжаттарын басшылыққа алады.

6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

7. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен филиалдар туралы ереже негізінде филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

2. Қоғамның атқарушы органының атауы мен орналасқан жері

8. Қоғам атауы:

1) Мемлекеттік тілде:

толық атауы - «Транстелеком» акционерлік қоғамы;

ықшамдалған атауы - «Транстелеком» АҚ;

2) Орыс тілінде:

толық атауы – Акционерное общество «Транстелеком»;

қысқартылған атауы – АО «Транстелеком»;

3) Ағылшын тілінде:

толық атауы – Joint Stock Company «Transtelecom»;

қысқартылған атауы – JSC «Transtelecom».

9. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 10.

3. Қоғамның қызмет түрлері

10. Қоғам қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) заңды және жеке тұлғаларға телекоммуникациялық (радиожиілік спектрін пайдалануы және пайдаланбауы) және басқа ілеспе қызметтер ұсыну бойынша қызмет көрсету, оның ішінде:

жергілікті, қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерді ұсыну;
деректерді жіберу қызметтері және/немесе телематикалық қызметтер, аудиоконференция байланысы және/немесе бейнеконференция қызметтерін ұсыну;

Интернет желісіне қол жеткізу, байланыстын өзге де Интернетпен байланысты қызметтерін ұсыну, интернет-провайдер қызметтерін ұсыну;

IP-желілері, IP-телефония арқылы дауыс жіберу қызметтерін ұсыну;
магистральдық арналарды жалға беруді қоса алғанда байланыс арналарын жалға беру;

тікелей жұпты (желілер) жалға беру;
талшықты-оптикалық желілердің қара талшықтарын (деректерді жіберу үшін пайдаланбайтын) жалға беру;

телефон кәрізін пайдалануға беру;
желілерді қосу және трафикті өткізу, халықаралық транзиттік деректер мен дабыс қызметтерін ұсыну;

жерүсті байланыс желілері арқылы тікелей байланысты, кіші толқынды немесе жердегі және спутниктік қосылыстарды қамтамасыз ету мақсатында коммутациялық және өткізгіш жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету;

магистральдық, халықаралық, қалааралық және жергілікті байланыс пайдаланушыларының барлық санаттары үшін техникалық қызмет көрсету;

таратудың кабельдік жүйелерін басқару, оның ішінде деректер беру үшін;

телеграф байланысы қызметін ұсыну;
телеграф және өзге де дауыстық емес байланыс жүйелерін жабдықтау;
ұялы байланыспен, сондай-ақ сымсыз байланыс жүйелерінің басқа да түрлерімен техникалық қызмет көрсету және басқару;

жылжымалы радиотелефон байланысы, жылжымалы радиобайланыс, дербес радиошақыру есебінен еркін желілерінің сыйымдылығын қызметтерді ұсыну;

желі операторларының иелерінен желіге қол жеткізу және желі сыйымдылығын алу, сондай-ақ осы қуаттарды пайдалана отырып телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну;

спутниктік трекинг, коммуникациялық телеметрия және радиолокациялық станциялары сияқты мамандандырылған телекоммуникациялық қосымшаларды ұсыну;

операциялық түрде бір немесе одан көп жер үсті телекоммуникациялық жүйелермен байланысты және спутниктік жүйелерден деректерді қабылдап жіберуге қабілетті спутниктік терминалдармен және ілеспе құрал-жабдықтармен басқару,;

телекоммуникациялық қызметтерді (желі сыйымдылығын қосымша қызметтер көрсетусіз сатып алу және қайта сату) қайта сату;

2) негізгі қызметпен байланысты анықтамалық-ақпараттық қызметтерді беру, соның ішінде:

call-орталығы қызметтері: дауыстық поштаны қоса алғанда кіріс және шығыс қоңырауларын өңдеу, қоңырауды басқа нөмірге бағыттау, компьютерлік жүйелерді пайдалана отырып қоңыраулар (сұрау салуларды) өңдеу, маркетингтік зерттеулер, сауалнама және сұрақ-жауап жүргізу;

3) жабдықты және қосалқы бөлшектер сатып алу және іске асыру;

4) бағдарламалық өнімдерді жеткізуді қамтитын, консалтингтік қызметтер, сондай-ақ енгізу бойынша қызметтер мен сервистік ақпараттық жүйелерді қызметтерді қоса алғанда ақпараттық технологиялар саласында қызметтерді көрсету (тауарларды, жұмыстарды), оның ішінде:

серверлік және желілік жабдықты орналастыру үшін өңдеу, ақпаратты қолдау, сақтау және тарату мақсатында жалға берілетін алаңдарын қоса алғанда, электрондық пошта жәшіктері немесе виртуалды пошталық серверді қолдау, клиенттің жабдығын провайдер (колокация) алаңында орналастыру, бөлінген және виртуалды сервер (VPS, VDS) жалға алу, корпоративті желілерді әзірлеу және ұйымдастыру, бағдарламалық қамтамасыз етудің әзірлеу және сүйемелдеу, компьютерлік бағдарламалауды қамтамасыз ету, ақпараттық қауіпсіздік орталықтарының қызметтерін ұсыну;

деректерді жинау және жіберу, ақпараттық ресурстарға рұқсат алуды ұсыну, порталдық шешімдер енгізу және оған сервистік қызмет көрсету бойынша қызмет көрсету;

желілік аудит және тәуекелдерді бағалауды, жобаларды басқаруды және сүйемелдеуді қоса алғанда ақпараттық технологиялар саласындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды дайындау және тексеру бойынша консалтингтік қызметтер көрсету;

жабдықтарға, АТ - инфрақұрылымға техникалық және сервистік қызмет көрсету, бағдарламалық қамтамасыз етуге қолжетімділік беру және басқару бойынша аутсорсингтік қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көрсету;

5) басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін, оның ішінде технологиялық процестерді автоматтандыру, бейнетіркеу, бейне қадағалау, бейнебақылау жүйелерін, кіруді бақылау жүйелерін, күзет-өрт дабылы, автоматтандырылған құжат айналым жүйесін және кәсіпорынды басқару,

отын-энергетикалық ресурстар шығынын есептеу жүйелерін, шешімдерді қабылдауды қолдау жүйелерін (жедел басқару орталығы), байланыс желілерін басқару жүйесін әзірлеу, енгізу (жеткізу және құрастыру), сервистік қызмет көрсету (қолдау және сүйемелдеу);

б) жұмыс істеп тұрған сигнал беру, орталықтандыру, бұғаттау құрылғыларын, автоматтандырылған және механикаланған сұрыптау дөңестерін, талшықты-оптикалық байланыс желісінің сымды және сымсыз байланыс құралдарын, магистральдық темір жол желісінің функцияларымен технологиялық жағынан байланысты поезд қозғалысы жолындағы жылжымалы құрамның техникалық күйін автоматты бақылау құралдарын және деректер беру жүйесін жөндеу, дамыту, салу және қайта құру, оның ішінде:

автоматика, телемеханика және телекоммуникация құрылғыларының жарамды жай-күйде сақтау (бұдан әрі – техникалық құралдар) және оларды жөндеу;

жаңа техника мен технологияларды енгізу, болашағы бар жобаларды және жаңғырту бойынша жылдық жоспарды, техникалық құрылғыларды жөндеуді әзірлеу жұмыстарын ұйымдастыру;

7) алдыңғы қатарлы диагностиканың технологиялық әдістерін, жөндеуді автоматтандыру, магистральдық желілердің инфрақұрылым диагностикасы бойынша қызмет көрсетуді әзірлеуі және енгізу;

8) күрделі жөндеу және қайта жаңартуға қоса алғанда темір жол құрылысы бойынша жұмыстар;

9) Қоғамның Біріңғай анықтамалық-ақпараттық орталық арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерді) брондауы;

10) Біріңғай анықтамалық-ақпараттық орталық арқылы аудио жарнамалар ұсыну;

11) Ұлттық инфрақұрылым операторының келісімімен, темір жол көлігінің бөлінген белдеуінде, сондай-ақ талшықты-оптикалық және мыс кәбілді байланыс желілерінің телекоммуникацияның жерсеріктік және радиорелелік жүйелерінің кез келген басқа да рұқсат етілген жерлерінде құруы және пайдалану;

12) бөлінген және өзара байланысқан желілерімен басқа операторлардың байланыс аналогтық және цифрлық байланыс желілерін (бұдан әрі - байланыс желісінің Қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін темір жол көлігі ұйымдарының (сондай-ақ басқа да ұйымдардың, байланысты темір жол саласы) интеграцияланған қызметтер технологиялық байланыстарын құру және пайдалану;

13) Құрылыс-құрастыру жұмыстары, соның ішінде:

жер қабатындағы құрылыс-құрастыру жұмыстар;

арнайы құрылыс және құрастыру жұмыстары;

сыртқы және ішкі инженерлік желілер мен жүйелердің құрылғы, жөндеу мен реконструкциялауды қоса алғанда, оның ішінде қорғау және өңдеу жөніндегі жұмыстарды, конструкциялар мен жабдықтарды, соның ішінде найзағайдан қорғау;

технологиялық жабдықтарды құрастыру және іске қосу-жөндеу жұмыстары;

жалпы республикалық магистральдық, халықаралық, қалааралық және жергілікті телекоммуникация желілерінің салу және пайдалану жөніндегі жұмыстар;

желілік құрылымдар құрлысы, оның ішінде магистральдық;

14) мүлікті жалға беру (алу), мүлікті заңнамада белгіленген тәртіппен сенімгерлікпен басқару;

15) байланыс қызметіне тұтынушыларды тарту бойынша маркетингтік және операторлық қызмет жасау және Қоғамның байланыс желісінің еркін сыйымдылығын тұтынушылардың қолдану процессін басқару;

16) қазақстандық және шет елдік ұйымдармен жаңа техниканы және технологияны құруда өзара әрекеттесу, материалдарды және жабдықтарды жеткізу, өзара әрекеттесу жұмысын орындау және инвестиция тарту;

17) радио және өткізгіш байланыс құралдарын, теледидарды, ақпараттарды беру және өңдеу, бейне конференциялық байланыстар және басқа техникалық жабдықтарды өңдеу және іске асыру;

18) іздестіру қызметі, соның ішінде инженерлік-геодезиялық жұмыстар;

19) жобалық қызмет, соның ішінде қала құрылысы жобасы (жобалау құқығымен тарихи ауданның қала құрылысын ақтауы үшін, мәдени және тарихи ескерткіштерде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын) жоспарлау;

20) тұрғын жайлар және ғимараттар үшін жауапкершіліктің бірінші, екінші және үшінші сатысымен (жобалау құқығымен сәулеттік-қалпына келтіру жұмысы , мәдени және тарихи ескерткіштерде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын қоспағанда) сәулеттік жобалау;

21) құрылыстық жобалау (жобалау құқығымен тұрғын жайды және ғимаратты күрделі жөндеу және қайта құру үшін, сондай-ақ конструкцияны күшейту) және конструкциялау , инженерлік жүйені және желіні жобалау, найзағайдан қорғау құрылымы бойынша, еңбек күзеті бойынша жобаның арнайы бөлімдерін әзірлеу;

22) техникалық жобалау (құрылыс жобасының технологиялық бөлік әзірлігі): тұрғын жайға және ғимаратқа тұрғын-үй-азаматтық тағайындауды, көліктің инфрақұрылымдары объекттерінің , коммуникация және байланыс, ауылшаруашылық объекттерінің, қайта өңдейтін өнеркәсіптік кәсіпорындарын қоспағанда;

23) сыртқы экономикалық қызметтерді жүзеге асыру және экспортты, импорттық тауарларды, қызмет пен жұмысты іске асыруда заңды, жеке тұлғалармен экономикалық серіктестікті дамыту;

24) алдын ала жоспарлық ғылыми - зерттеуші және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстардың өткізілуі;

25) тау-кен қазу өнеркәсібі саласындағы және кен шығаратын орындағы қызметтер, оның ішінде:

– тау-кен қазу өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтер;

26) өңдеу өндірісі саласындағы қызметтер, оның ішінде:

– компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдер шығару; электрлік жабдықтар; басқа категорияларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар; басқа да дайын өнімдер;

- машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату;
- жазылған материалдарды басып шығару және көшіру;

27) көтерме және бөлшек сауда саласындағы қызметтер;

28) көлік және қаттау саласындағы қызметтер;

29) ақпарат және байланыс саласындағы қызметтер (осы тармақтың 1) тармақшасында қарастырылған қызмет түрлерінен басқа), оның ішінде:

- Баспа қызметі;
- Кино - бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, фонограмма және музыкалық жазбалар шығару;
- Бағдарлама құру және телерадиохабар тарату бойынша қызмет;
- Байланыс;
- Компьютерлік бағдарламалау, кеңес беру және басқа да ілеспе қызметтер;

- Ақпараттық қызметтер;

30) жылжымайтын мүлік операциялары саласындағы қызметтер;

31) кәсіби, ғылыми және техникалық қызметтер саласындағы қызметтер, оның ішінде:

- Құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызметтер;
- Бас компания қызметі; басқару мәселесі бойынша кеңес беру;
- Сәулет, инженерлік іздестіру, техникалық сынақ және талдау саласындағы қызметтер;

- Ғылыми зерттеулер мен талдаулар;

- Жарнамалық қызметтер және нарықтық конъюнктураны үйрену;

- Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет;

32) әкімшілік және қосымша қызмет көрсету саласындағы қызметтер, оның ішінде:

- Жалға беру, жалға алу және лизинг;
- Жұмысқа орналастыру;
- Қауіпсіздікті және зерттеуді қамтамасыз ету бойынша қызметтер;
- Ғимараттар мен аймақтарға қызмет көрсету саласындағы қызметтер;
- Әкімшілік – басқару, шаруашылық және басқа да қосымша қызмет көрсету саласындағы қызметтер;

33) білім беру саласындағы қызметтер;

34) өнер, көңіл көтеру және демалыс саласындағы қызметтер, оның ішінде:

- Шығармашылық, өнер, көңіл көтеру саласындағы қызметтер;
- Кітапхана, мұрағат, мұражай және басқа да мәдениет мекемелер қызметі;

–

35) Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбаған басқа қызметтер.

11. Лицензия болуын талап ететін немесе басқа түрдегі рұқсатты қажет ететін қызмет түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лицензия немесе өзге түрдегі рұқсат алғаннан кейін жүзеге асырылады.

4. Акционерлердің құқықтары мен міндеттері

12. Қоғам акционері құқылы:

1) Заңда және (немесе) қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруына қатысуға;

2) Заңға сәйкес иелігінде дербес немесе басқа акционерлермен жиынтыққанда дауыс беретін Қоғам акцияларының бес және одан да көп пайызы болған жағдайда директорлар Кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуге ұсыныс жасауға;

3) дивидендтер алуға;

4) Қоғам берешегінің қалыптасқан мерзіміне қарамастан, белгіленген мерзімде алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге, Қоғам Жарғысының 51 және 52-тармақтарының негіздері бойынша дивидендтерді есептемеген жағдайларды қоспағанда;

5) акционерлердің Жалпы жиналысында немесе Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

6) Қоғам тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға ;

7) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына директорлар Кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға ;

8) Қоғамның органдары қабылдаған шешіміне сот тәртібімен дау айтуға;

9) иелігіндегі дербес немесе басқа акционерлермен жиынтыққанда дауыс беретін Қоғам акциялары бес және одан да көп пайызды құраса өз атынан сот органдарына, Заңда көзделген жағдайларында, қоғамның лауазымды тұлғаларымен Қоғамға келтірген залалдарды өтеу туралы талап қою, өздері жасасу туралы ірі мәмілелерді және (немесе) мәмілелердің жасалуында мүдделіліктері бар шешім қабылдау (ұсыныс жасау) нәтижесінде қоғамның лауазымды тұлғаларымен және (немесе) олардың біріккен .үлестес тұлғаларымен алынған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтару;

10) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау сауалдарымен жүгіну және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде оған дәлелді жауаптар алуға;

11) Қоғам таратылған жағдайда мүлік бөлігіне;

12) Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген

жағдайларды қоспағанда;

13) Заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын немесе олардың түрін өзгерту туралы акционерлердің Жалпы жиналысының шешім қабылдауына қатысу.

13. Ірі акционердің, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) Қоғамның директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

14. Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген жағдайларда акционерлердің басқа да құқықтары болуы мүмкін. Қоғам акционерлердің, оларға тиесілі акциялардың түріне қарамастан, құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етеді. Қоғам Жарғысының осы бабында көзделгендей, акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

15. Қоғамның акционері:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нақты ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

16. Акционердің акция ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті ақпаратты ұсыну жөніндегі өз міндетін орындамауының салдарына Қоғам мен Қоғамның тіркеушісі жауапты болмайды.

5. Қоғам Органдары

17. Қоғам органдары болып есептеледі:

1) жоғары орган – акционерлердің Жалпы жиналысы;

2) басқару органы – директорлар Кеңесі;

3) атқарушы орган – Басқарма;

4) бақылаушы орган – ішкі бақылау Қызметі.

18. Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның директорлар кеңесі құрылады. Қоғамның директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысында бекітіледі. Қоғамның директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде жаңа директорлар кеңесін құрған сәтте тоқтатылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Осындай директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасын алған сәттен бастап тоқтатылады.

19. Директорлар кеңесі Басқарманың құрамын, өкілеттік мерзімін анықтайды, оның басшысын және мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады.

20. Қоғам қызметінің қаржылық-шаруашылық қызметін қадағалау үшін Ішкі аудит қызметі құрылды. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесі мен Басқарманың құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі жұмысының функциясы мен міндеті, құқығы, жауапкершілігі және тәртібі Директорлар кеңесімен бекітілген, Ішкі аудит қызметі туралы қағида бойынша белгіленеді. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмыстары бойынша оларға есеп береді.

6. Акционерлердің Жалпы жиналысының құзыреті

21. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне келесі сұрақтар жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) Қоғамда аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау;

4) есеп комиссиясының құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) Директорлар кеңесінің құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның Төрағасын және мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттемелерін орындағаны үшін төленетін сыйлық ақы көлемін, шарттарын және шығындар өтемін бекітеді;

6) Акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін белгілеу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;

7) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оларды өзгерту тәртібі мен шарттарын белгілеу;

8) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау формасын анықтау;

9) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын, құнды қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;

10) Қоғамның акцияларын ерікті делистингтеу туралы шешім қабылдау;

11) Қоғам акционерімен ірі мәміле жасасуын мақұлдау туралы шешімді қабылдау, соның нәтижесінде қоғаммен мүлік иеліктен шығарылады (иеліктен шығарылуы мүмкін), оның құны мәміле жасасу туралы шешімді қабылдау мерзіміне Қоғамның баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан

көп пайызды құрайды, соның нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылады (иеліктен шығарылуы мүмкін);

12) Қоғамның жәй акцияларын иемденуші директорлар кеңесі мен барлық акционерлері қызығушылық танытқан тұлғалар болып табылса және (немесе) Директорлар кеңесінің осындай мәміле жасау туралы шешімді қабылдау үшін қажетті дауыс санының жетіспеушілігінен шешім қабылдауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, Қоғамның жасалуына қызығушылық танытқан мәмілелерін жасау туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамның жәй акцияларымен дивидендтерді төлемеу туралы принятие шешім қабылдау;

14) орналастырылған акцияларды бір түрінен екінші түріне ауыстыру туралы шешім қабылдау, осындай ауыстырудың шарттары мен тәртібін айқындау;

15) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларын түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы басқа да заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

17) Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;

18) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне біліктілік және Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің критериясын бекіту;

19) корпоративтік басқару Кодексін, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

20) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Қоғамның акцияларды сатып алу кезінде оның құнын анықтайтын әдістемені (сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістерді) бекіту;

21) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

22) дивидендік саясат туралы Ережені бекіту;

23) Директорлар кеңесі туралы Ережені бекіту;

24) акционерлердің жалпы жиналысы туралы Ережені бекіту;

25) Қоғамның есептік қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жәй акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жәй акциясына есептеген дивидендтер мөлшерін бекіту;

26) акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне қатысты басқа да сұрақтар бойынша Заңға қатысты шешім қабылдау.

22. Қоғам Жарғысының 21 тармағының 2), 15), 19) және 20) тармақшаларында көрсетілген сұрақтар бойынша шешімдер Қоғам акцияларының дауыс берушілердің жалпы санынан көпшілік дауыстармен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының басқа да мәселелер бойынша шешімі, заңмен басқалар бекілілмеген болса Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

23. Егер Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Қоғамның жалпы акционерлер жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, Қоғамның лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің құзіретіне беруге болмайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты Қоғам органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

7. Директорлар кеңесінің құзыреті

24. Егерде Заңнамамен қарастырылмаған болса, онда Директорлар кеңесінің құзыретіне мыналар жатады:

1) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау және сақтау;
2) Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау және сақтау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актісімен қарастырылған, Қоғамның даму стратегиясының және қоғам қызметінің негізгі бағытын анықтау;

4) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның жетекшісі мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі мен еңбек жалақысының мөлшерін, шарттарын және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сыйақы беруін анықтау;

5) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, сайлау, сондай-ақ Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

6) Басқарма Төрағасы мен Қоғам Басқармасы мүшелерінің қызметтік жалақысы мен оны төлеу тәртібін және сыйақы беруді анықтау;

7) Қоғамның омбудсмен өкілеттілігін тағайындау және өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның ережесін бекіту, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысын және сыйақы шарттарын айқындау;

8) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттілік мерзімін анықтау, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысын және сыйақы шарттарын айқындау;

9) Қоғамның қызметі, оның ішінде қаржылық қызметі туралы ақпараты директорлар Кеңесі мүшелерімен алу мерзімі мен тәртібін белгілеу;

10) Қоғам және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпараттарды анықтауға, сондай-ақ Қоғамның қызметтік және коммерциялық құпиясының сақталуын қамтамасыз ететін және қызметі туралы ақпаратты жариялау тәртібі мен шарттарын көрсететін құжаттарды бекіту;

11) Қоғамның акция төлеміне тапсырылған немесе ірі мәміле жасасудың қаржылық есептемесіне аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық

ұйымның, сондай-ақ мүліктің нарықтық бағасы бойынша бағалаушының қызметіне төленетін төлемақы мөлшерін белгілеу;

12) Қоғамның шығару облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім;

13) сыртқы аудит сапасы мен тәуелсіздігін қадағалау;

14) акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның дивидендік саясатына қатысты ұсыныстарды дайындау;

15) акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамда аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымға қатысты ұсыныстарды әзірлеу;

16) Қоғамның директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп дайындау;

17) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне біліктілік және тәуелсіз критерияларға қатысты акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстарды дайындау;

18) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлемінің мөлшері, тәртібі және шарттары бойынша акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстарды дайындау;

19) акционерлердің жалпы жиналысында қарастырылатын сұрақтарды алдын ала қарастыру және мақұлдау;

20) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

21) өткен қаржы жылы бойынша Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі мен Қоғамның бір жай акция есебінде дивиденд мөлшері туралы акционерлердің жалпы жиналысына ұсыныстарды ұсыну;

22) Басқарма төрағасы мен мүшелерін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдау;

23) Қоғамның филиалдарын және өкілеттілігін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және оның ережелерін бекіту;

24) Қоғамға тиесілі акциялардың он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталындағы қатысу үлесін), акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне қатысты заңды тұлға қызметінің мәселелері бойынша шешімді қабылдау;

25) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да құнды қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

26) жасау туралы шешімі Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қазақстан республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, жасалуына Қоғам қызығушылық танытқан ірі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

27) Қоғам Басқармасының мүшелеріне басқа мекемелерде жұмыс істеу мүмкіндігін келісу туралы шешім қабылдау;

28) Қоғаммен басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлесі) сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешімді қабылдау;

29) акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде Қоғамның жарияланған акциялар санының шеңберінде орналастырылатын (сатылатын)

акциялардың саны туралы, оларды орналастыру (сату) әдістері мен бағасы туралы шешім қабылдау;

30) жылдық және кезектен тыс акционерлердің жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдау;

31) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруы және олардың қызметіне қатысуы немесе Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) пайызынан төмен соманы құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы басқа да заңды тұлғалардың (акционерлердің) қатысушылар құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

32) Жасалған ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам қызығушылық танытқан мәмілелер туралы тоқсан сайынғы есепті тыңдау;

33) ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау, оларды мақұлдау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

34) Директорлар кеңесі комиттетерін құру, сондай-ақ оның Төрағасы мүшелерін тағайындау;

35) Қоғам міндеттемелерін өзінің меншікті капиталынан 10 (он) және одан көп пайыз көлеміне арттыру;

36) Қоғамның бюджетін және түзетілген бюджетін және оларды іске асыру мониторингін бекіту;

37) Жылдық аудиорлық жоспарды және ішкі аудит қызметінің 2-3 жылдық стратегиялық жоспарын бекіту;

38) Қоғамның жылдық есебін бекіту;

39) Қоғамның негізгі қазыналық портфелін анықтайтын құжатты бекіту;

40) Қоғам қызметкерлерінің тұрғын үйді алу тәртібі мен шарттарын анықтайтын құжатты бекіту;

41) Қоғам қызметкерлерінің қызметтік іссапарға төленетін шығындарды өтеу тәртібі мен шарттарын анықтайтын құжатты бекіту;

42) Қоғамның орталық аппараты қызметкерлеріне әлеуметтік көмек көрсету тәртібі мен шарттарын анықтайтын құжатты бекіту;

43) Қоғамның орталық аппаратындағы әкімшілік-басқарушылық және өндірістік персоналдарының лауазымдық еңбекақы кестесін және еңбекақы төлеу тәртібі мен шарттарын анықтайтын құжатты бекіту;

44) Қоғамның мүлігін қолдану тәртібі мен шарттарын анықтайтын құжатты бекіту;

45) Мүдделер шиленісін және корпоративтік шиеленістерді реттеу тәртібі мен шарттарын анықтайтын құжатты бекіту;

46) Ішкі аудит қызметінің жетекшісіне, Корпоративтік хатшыға, Қоғамның омбудсменіне, басшы қызметкерлеріне сыйлықақы төлеу, қызметтерін бағалау шарты мен тәртібін анықтайтын құжатты бекіту;

47) Қоғамның ішкі қызметін реттеуші құжаттарды (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарманың қабылдаған құжаттарынан басқа) оның ішінде Қоғамның құнды қағаздарын жазылу және аукцион өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

48) ішкі бақылау жүйесін реттеуші құжаттарды бекіту;

49) Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесін реттеуші құжаттарды бекіту (оның ішінде Тәуекелдерді басқару саясаты, Тіркелім және тәуекелдер картасы, т.б);

50) Қоғамның Инвестициялық саясатын бекіту;

51) Қоғамның іскери этика кодексін бекіту;

52) Қызметкерлерге ұялы байланысты, өкілеттік шығындар лимитін қолдануға құқық берілген кездегі «Транстелеком» АҚ қаржылық есебінен шығындарды төлеу лимитін бекіту;

53) Басқарма Төрағасының және оның мүшелерінің уәждемелік картасын және қызметтерінің негізгі көрсеткіштер паспортын бекіту;

54) Қоғамның ішкі аудит қызметі жетекшісінің уәждемелік картасын және қызметтерінің негізгі көрсеткіштер паспортын бекіту;

55) Қоғамның корпоративтік хатшысының уәждемелік картасын және қызметтерінің негізгі көрсеткіштер паспортын бекіту;

56) Қоғамның Салық есебі саясатын бекіту;

57) жанар-жағармай материалдарының шығындары мен автокөлікті күтіп-ұстау шығындарының көлемін анықтау;

58) қызметтік жеңіл автокөліктердің қажетті көрсеткішін және өкілшілік аппаратты орналастыруға арналған алаңның көлемін бекіту;

59) Қоғамның орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы санын және құрылымын бекіту;

60) акционерлерге және инвесторға жеткізілуі тиіс ақпараттар, Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген мәселелер тізілімін бекіту;

61) Қоғамның даму жоспарын және оны іске асыру мониторингін бекіту;

62) Ішкі аудит саясатын бекіту;

63) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

64) Қоғамның корпоративтік хатшысы туралы ережені бекіту;

65) Қоғамның Басқармасы туралы ережені бекіту;

66) Қоғамның Омбудсмені туралы ережені бекіту;

67) Басқарма мүшелері мен Қоғамның басқа басқарушы қызметкерлерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

68) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

69) Заңмен және (немесе) Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзіретіне қатысы жоқ басқа да мәселелер.

25. тізімі Жарғының 24 тармағымен бекітілген мәселелер Басқармаға шешу үшін берілмейді.

26. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес, Басқарманың құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қайшы келетін шешім қабылдауға құқы жоқ.

27. осы Жарғының 24 бабының 3)-8), 13)-15), 20)-23), 26), 28), 31), 33), 34), 36)-38), 46), 53)-55), 59) және 61) тармақшалары Директорлар кеңесімен тек күндізгі отырыста қаралуы тиіс.

8. Басқарманың құзіреті

28. Басқарманың күзіреті:

1) акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындау;

2) акционерлердің жалпы жиналысына және директорлар кеңесіне қарастыруға енгізілген мәселелерді алдын ала қарау және мақұлдау;

3) Қоғамның даму стратегиясын және Қоғамның даму Жоспарын әзірлеу, мақұлдау және Директорлар кеңесінің қарауына енгізу;

4) Қоғамның даму Стратегиясын және даму Жоспарын жүзеге асыру;

5) Қоғамның даму жоспарының шеңберінде Қоғам бюджетін әзірлеу, мақұлдау және бекіту үшін директорлар Кеңесінің қарауына енгізу;

6) Қоғамның бюджетін іске асыру және орындау;

7) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында жобаланған Қоғамның ішкі құжаттарын бекіту, егерде оны бекіту Директорлар кеңесінің немесе акционерлердің жалпы жиналысының құзырында болмаса;

8) Қоғамның қызығушылығын тударатын мәміле жасасу туралы, соның ішінде Заңмен арнайы талаптары орнатылған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамының тобына кіретін ұйымдар арасында мәміле жасасу тәртібіне сәйкес шешімдер қабылдау;

9) Қоғамның орталық аппараттының, филиалдарының және өкілеттерінің штаттық кестесін бекіту;

10) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер туралы Директорлар кеңесіне уақытылы хабарама жіберу;

11) Қоғамның Кадр саясатын бекіту;

12) Қоғамның ақпараттық саясатын бекіту;

13) Ішкі (қызметтік) ақпараттарды қорғау және сақтауды қамтамасыз ету;

14) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процедураларын қабылдау және әзірлеу;

15) Қоғамның штат қызметкерлерінің (жалпы санын) штатын, Қоғамның өкілеттерін және Қоғам өкілеттер филиалының құрылымын бекіту;

16) Қоғам меншігіне қатысты әділетсіз іс-әрекеттер тудыратын себеп-салдар мен шарттарды анықтау үшін жұмысты ұйымдастыру;

17) Қоғаммен спонсорлық (қайырымдылық) көмек көрсету туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның корпоративті әлеуметтік жауапкершілігі мен қайырымдылық саласындағы құжаттарын бекіту;

19) Қоғам Директорлар кеңесінің және акционерлердің жалпы отырысының құзыреттілігіне қатысты емес мәселелер бойынша Қоғам қызметін қамтамасыз ету жөніндегі басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.

29. Қоғамдағы тәуекелдердің басқару мәселелері бойынша шұғыл түрде шешім қабылдау мақсатында Қоғамның Басқарма жанынан Тәуекелдер комитеті құрылуы мүмкін. Тәуекелдер жөніндегі комитеті Басқармамен табысталған өкілеттілігінің шеңберінде жұмыс істейді. Тәуекелдер жөніндегі

комитетті құру және оның жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

9. Қоғамның Басқарма Төрағасы

30. Басқарманы басқаруды Қоғамның Басқарма Төрағасы жүзеге асырады.

31. Басқарма Төрағасының құзырына Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және акционерлердің Жалпы жиналысымен, Директорлар кеңесімен және Басқармамен қабылданған басқа құжаттармен анықталған, акционерлердің Жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және басқарманың құзырына қатысты емес Қоғам әрекетін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

32. Басқарма Төрағасы:

1) акционерлердің Жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Басқарманың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) Қоғам қызметіне басшылық жасайды;

3) Басқарма жұмысын, Басқарма отырыстарын шақыруды және оның қарауына қажетті материалдарды ұсынуды ұйымдастырады;

4) келесі жолдармен Қоғамның басқару жүйесін дамыту мен жақсартуды қамтамасыз етеді:

корпоративтік басқаруды жетілдіру арқылы;

Қоғам жұмыскерлеріне тұтынушылардың талаптарын, заң шығарушылық талаптарды, реттеуші мемлекеттік органдардың талаптарын және акционерлердің Жалпы жиналысының талаптарын жеткізу механизмдерін құрастыру арқылы;

Қоғамның бизнес-процесстерінің жыл сайынғы талдауын өткізуді қамтамасыз ету арқылы;

даму жобаларына ресурстарды бөлу және бюджеттерді қалыптастыру арқылы басқару жүйелерін жұмыс жасау қалпында ұстап тұру арқылы;

5) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз жұмыс жасайды;

6) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітуді қамтамасыз етеді;

7) Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген тәртіпке сәйкес Қоғамның маңызды тәуекелдіктері туралы және оларды басқару шаралардың тиімділігі туралы басқарушылық есепті дайындау мен Директорлар кеңесіне ұсынуды жүзеге асырады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Жарғыға сәйкес Қоғам атынан мәмілелер жасайды;

9) Қоғамды оны үшінші тұлғаға, оның ішінде мемлекеттік және сот органдарда қатынастарында ұсыну құқығымен сенімхаттар береді;

10) еңбек шарттарын жасайды, өзгертеді, тоқтатады; оларға сәйкес Қоғамның жұмыскерлерімен еңбек қатынастары пайда болатын, өзгертін, тоқтайтын актілерді қабылдайды;

11) Басқарма және Ішкі аудит қызметінің мүшелері болып табылатын Корпоративтік хатшы мен қызметкерлерді, сондай-ақ Басқарманың мүшесі емес, басшы қызметкерлер үшін жылдағы жасаған жұмыстарының қорытындысы бойынша сыйлықақы беруді қоспағанда Қоғам қызметкерлеріне қатысты көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік сөгістер жариялайды, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің қызметтік жалақыларының мөлшерлерін орнатады;

12) Басқарма мүшелері мен Қоғамның басқа қызметкерлері арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілеттік салалары мен жауапкершіліктерін бөледі;

13) шағымдар мен талаптар қояды және оларға қол қояды, талаптардан бас тартады, шағым талаптарын өзгертеді, бейбіт келісімдерге, медиация туралы келісімге, біріккен процедуралар тәртібімен дауларды реттеу туралы келісімге қол қояды;

14) Қоғамның банк және басқа шоттарын ашады;

15) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешім қабылдайды;

16) Қоғамның филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес ұйымдарының қызметтерін реттестіреді;

17) Құзыреті шеңберінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

18) ұжымдық шарттарды жасайды;

19) Филиалдар мен өкілдіктерді қоса алғанда, Қоғам қызметкерлерінің ұйымдық құрылымы мен штаты (жалпы саны) бойынша ұсыныстар әзірлейді;

20) Басқарма мүшелері мен Қоғамның басқа басшы қызметкерлерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын әзірлейді;

21) Директорлар кеңесімен бекітілген саясатқа сәйкес Қоғамның қызметтік тұлғалары мен қызметкерлерінде пайда болатын мүдделер қақтығысын реттестіруге қатысады;

22) Қызмет туралы ақпаратты уақытылы және толық ашуды жүзеге асыруын, сонымен қатар Қоғамның құпиялы ақпаратын қорғалуы мен сақталуын қамтамасыз етеді;

23) Қоғамның құпия ақпаратын және Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпарат тізімін қорғауды реттейтін процедураларды әзірлейді;

24) Қоғамда ішкі бақылау және тәуекелдіктерді басқару процедураларын әзірлеу және оларды қолдануды қамтамасыз етеді;

25) Қоғамның ішкі бақылау органдарының, тәуекелдіктерді басқару және Қоғам қызметінің заңнама мен реттеуші органдарының талаптарына сәйкес келуіне қадағалау жасайтын Қоғам органдарының қызметін ұйымдастырады;

26) Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның ұсыныстарының орындалуын қамтамасыз етеді;

27) Қоғамның ішкі аудит қызметі ұсыныстарының орындалуын қамтамасыз етеді;

28) Директорлар кеңесінің мүшелері оларға жүктелген функцияларды орындау кезінде Қоғам қызметі туралы ақпаратты, сонымен қатар қажетті түсініктемелер мен ережелерді талап еткен кезде, осы сұраныс түскен сәттен бастап 5 жұмыс күнінен кеш емес мерзімде уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

29) Қоғамның есептік саясатын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

30) Қоғамның Жылдық есебін әзірлеуді қамтамасыз етеді;

31) Жылдық қаржылық есептілікті әзірлеуді қамтамасыз етеді;

32) Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі мен қайырымдылық мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

33) Қоғамның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік салаларындағы мәселелерін реттейтін ішкі құжаттарының әзірленуін қамтамасыз етеді;

34) Қоғамның мүдделі тараптармен өзара тиімді әрекеттесуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік салаларында Қоғамның тиімді қызметін қамтамасыз етеді;

35) Қоғамның кадрлық саясатын әзірлеу мен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде ішкі еңбек тәртібі ережелерін бекіту, жұмыскерлерді қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату, Қоғамның қызметкерлерімен Қоғам атынан еңбек шарттарын жасау және бұзу, жұмыскелерге ынталандыру шараларын қолдану және тәртіптік сөгістер жариялау, штаттық кестеге сәйкес қызметкерлердің қызметтік жалақыларын және жалақыға жеке үстемелер төлеу мөлшерлерін орнату, Қоғамның қызметкерлеріне төленетін сыйлықақы мөлшерін анықтау, бұл тізімге Басқарма мүшелері, Корпоративтік хатшы, Ішкі аудит қызметі қызметкерлері мен басшы қызметкерлер қосылмайды, өйткені оларға төленетін сыйлықақы мөлшерін анықтау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзырына жатады;

36) акционерлердің Жалпы жиналысына Қоғамның қаржылық-шаруашылық әрекеті туралы, акционерлердің Жалпы жиналысымен орнатылған мерзімде акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілген формалар бойынша оның еншілес және бірлесе қадағаланатын ұйымдары туралы есеп ұсынады;

37) Қоғамның жұмыс режимін анықтайды;

38) өзі болмаған кезде өзінің міндеттерін атқаруды Басқарманың мүшелерінің біріне жүктейді;

39) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және оларды қызметтерінен босатады;

40) акционерлердің Жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің, сонымен қатар Қоғам Басқармасының айрықша құзырына жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен және акционерлердің Жалпы жиналысымен және Директорлар кеңесімен қабылданған басқа құжаттармен анықталған Қоғамның ағымдағы әрекетінің барлық қалған мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

33. Басқарма Төрағасының шешімі бойынша белгеленген тәртіпте Қоғамның Басқарма мүшелеріне оның құзыретінің қандай да болса бөлігі берілуі мүмкін.

10. Қоғам органдарының қызметтерін ұйымдастыру тәртібі

34. Акционерлердің Жалпы жиналысын және Қоғамның коллегиялық органдарының отырысын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі, сондай-ақ Қоғамның органдарының шешім қабылдау тәртібі Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы шешімімен, Басқарма туралы ережемен бекітілген акционерлердің Жалпы жиналысы ережесіне, Директорлар кеңесінің ережесіне, осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

35. Қоғам акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысы жыл сайын өткізіледі. Қоғам акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысы мерзімі қаржы жылы аяқталғаннан кейін кешіктірмей кемінде 5 (бес) ай ішінде өткізіледі. Көрсетілген мерзімі Қоғам қызметінің есеп кезеңінде аудитті аяқтауға мүмкіндік болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып саналады.

36. Қоғам акционерлерінің жылдық жиналысынан басқа барлық жиналыстар кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам Басқармасының орналасқан жері бойынша өткізіледі.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы шақырылады:

- 1) Директорлар Кеңесімен;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының шақыру тәртібі бұзылған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша, қабылданған сот шешімінің негізінде.

Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы Қоғам директорларының немесе Қоғамның ірі акционерінің Кеңесінің бастамасы бойынша шақырылады.

Қоғам акционерлерінің міндетті кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру жағдайы Қазақстан Республикасының заң актілерінде қаралуы мүмкін.

37. Қоғам акционерлерінің жыл сайынғы Жалпы жиналысында:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есебі бекітіледі;
- 2) Қоғамның өткен қаржы жылының таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшері айқындалады;
- 3) акционерлердің Қоғамның іс-әрекетіне және оның лауазымды тұлғаларына өтініштері мен оларды қарастыру қорытындысы туралы мәселелер қаралады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызған басқа да мәселелер бойынша Қоғам акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысында шешімдер қабылдауға құқылы.

38. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және сонда дауыс

беруге құқығы бар акционерлердің тізімі Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінің деректері негізінде Қоғамның тіркеушісімен жасалынады. Көрсетілген тізімді акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгілеуге болмайды.

Акционерлердің тізіміне тиісті мәліметтерді енгізуді уәкілетті орган белгілейді.

39. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі олардың әр түрлі түсіну мүмкіндігін болдырмайтын нақты және жан-жақты тұжырымдармен тізбесіне шығарылатын мәселелерді талқылау Қоғамның директорлар Кеңесімен қалыптасады. Күн тәртібінде жалпылама ұғымдағы «әр түрлі», «өзге», «басқа» және осыларға ұқсас тұжырымдауларды пайдалануға тыйым салынады. Жиналыстың күн тәртібі акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған Қоғам акцияларының жалпы дауыс беруші санынан көпшілік дауысымен бекітіледі.

40. Дербес акционер немесе басқа акционерлермен жиынтыққанда дауыс беретін Қоғам акцияларының бес және одан да көп пайызын құраса немесе директорлар Кеңесі қабылдаған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылуы мүмкін, Қоғам акционерлері мұндай толықтырулар туралы Жалпы жиналысты өткізу күніне дейін кемінде он бес күн ішінде немесе Заңда белгіленген тәртіппен хабардар болуы тиіс.

41. Күн тәртібіне өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін, егер олардың енгізілуіне акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушылар мен Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында кем дегенде 95 (тоқсан бес) пайызын құрайтын акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) басым көпшілігі дауыс берген болса.

42. Акционерлердің Жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы Шешім қабылдаған кезде акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін емес. Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысының күн тәртібі болмай қалған акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауы тиіс.

43. Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген сұрақтарды қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы емес. Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана акционерлердің жалпы жиналысы жабық деп жариялануы мүмкін.

44. Акционерлердің Жалпы жиналысының дайындалуы мен өткізілуі Қоғам Басқармасымен, директорлар Кеңесімен, Қоғам тіркеушісімен онымен жасалған шартқа сәйкес, тарату комиссиясымен жүзеге асырылуы мүмкін. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен басқалар қарастырылмаса, Акционерлердің Жалпы жиналысының шақырылуы, дайындалуы және өткізілуі барысындағы шығындарды Қоғам көтереді.

45. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны Қоғам кемінде ол өткізілетін күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде- кемінде 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырады.

Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналасын өткізу туралы хабарламаның мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасымен және акционерлердің Жалпы жиналысы туралы Ережесімен анықталады.

46. Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлердің (олардың өкілдерінің) тіркелуі жүргізіледі. Акционердің өкілі өзінің акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өкілеттігін растайтын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхатты көрсетуге міндетті.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі), кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына шақырусыз өзге де, Қоғамның акционерлері болып табылмайтын, тұлғалар қатыса алады, егер көзбе-көз тәртіппен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен өзгеше белгіленбесе. Акционерлердің Жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы мұндай адамдарға Жалпы жиналыстың шешімі бойынша беріледі.

